

камтылған. Аталған мақалаларда Әлихан өмірінің қыр-сыры, беймәлім құпиялары мен әлихантануда толық шешімін таппаған бірқатар мәселелер көтерілген. Атап айтқанда әдебиетші Әлиханның өз мақалаларында қолданған бүркеніш есімдеріне қатысты дәлелді пікірлерін алға тартады. Алаш арысның бұрыннан белгілі бүркеніш есімдерінен бөлек жаңа бүркеніш есімдерімен жазылған мақалаларын анықтап, басқа да Алаш қайраткерлеріне қоса телініп жүрген мақалалардың шын иесі Әлихан екенін деректі құжаттармен дәлелдейді. Ә. Бөкейханның өмірінің «жұмбағы көп» Мәскеу кезеңі турасында, Әлихан мен И. Сталин қарым-қатынасы жайында, жалпы 1922-1937 жылдардағы Ә. Бөкейханның іс-әрекеті, тыныс-тіршілігі жөнінде де біршама тың мағұлматтар берілген. Оны зерттеуші архив деректері мен Әлиханның хаттары сынды маңызды құжаттар негізінде баяндайды. Сонымен қатар, жалпы XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс, сол кезеңдегі саяси-мәдени өзгерістер, Алаш идеясы мен Әлихан бастаған ұлт қайраткерлерінің ісін, тарих ғылымымен тұтастықта жан-жақты талдап-талқылаған зерттеу мақаласына да көптомдықта орын берілген. Мақалада Т. Раковса-Хармстоун, М. Олкотт, А. Беннигсен, Д. Джеффри, Дж. Бэйкер сынды ағылшын, француз ғалымдарының Ә. Бөкейхан мен XX ғасыр басындағы саяси қозғалыстар жайындағы ой-пікірлері де орынды келтірілген.

Ә. Бөкейханның ғибратты ғұмыры мен оның мол ғылыми мұрасы әлі де талай зерттеулердің өзегі болары анық. Десе де әлі күнге шейін Алаш көсемі жайында жекелей зерттеу еңбегінің жазылмауы көңілді қынжылтады. Бұл ұлттық әлебиеттану мен тарих туралы ғылымның алдында тұрған үлкен міндет. Биыл Әлиханның туғанына 150 жыл екенін ескерсек, осы мерейтой қарсаңында әлихантанудың біраз мәселелері өз шешімін табады деп сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 526 б.
4. Жұртбай Т. Ұраным – Алаш. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.
5. Смағұлов Ж. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымы. – Қарағанды, 2012. – 446 б.
6. Смағұлов Ж. «Абай және Әлихан» Қазіргі таңдағы қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы. – Қарағанды, 2002. – 360 б.
7. Аққұлұлы С. Ә. Бөкейхан: өмірі мен қызметі // Жұлдыз. – 1996. - №3. – 3-75 б.
8. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы. - Астана: Сарыарқа, 2009. – 423 б.
9. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 510 б.

Балабекова Ж.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шетел тілдер факультеті, КАФ-41 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші - гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы Ашимханова С.З.*)

«ГАЛАКТИКА САҚШЫЛАРЫ» КӨРКЕМ ФИЛЬМІНДЕГІ СЛЕНГТЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Ғасырлар бойы зерттеушілердің әдеби емес сөздікқорға, әсіресе ерекше болып табылатын сленгтерге деген қызығушылықтары арта түсті. Бұл жағдайды былайша түсіндіруге болады: сленг әрқашан өзінің метафорлық сипатымен, айқындылығымен, бейдәстүрлі атауымен ерекше. Жазушылар сленгті өз шығармаларында стилистикалық мақсаттарын (сөйлеу мәнерінің ерекшелігі үшін, белгілі бір адам көңіл-күйін дәлме-дәл оқырманға жеткізу үшін, нақтылық, экспрессивтілік, қысқа да нұсқа түрде ойды жеткізу үшін) іске асыру үшін жиі қолданады. Ал, қазіргі таңда режиссерлер сленгтерді фильмдерінде кейіпкерлер сөзіне бір жаңашылдық мән беру немесе заманауи екенін көрсету үшін қолданады.

Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі көркем фильмдердегі сленгтерді түпнұсқадан қазақ тіліне аудару сапасының төмендігі үлкен мәселе. Себебі сленгтердің сапасыз аудармасы жасөспірімдердің қазақша дубляждалған фильмдерге деген қызығушылығын төмендетеді немесе тіпті жояды, сол себепті сленгтерді көркем фильмдерде дұрыс беру және аудару керек. Осы мәселе, яғни фильмдердегі сленгтерді ағылшын тілінен қазақ тіліне дұрыс аудару берілген жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Жұмыстың мақсаты - «Галактика сақшылары» көркем фильміндегі сленгтерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару ерекшеліктерін анықтау.

Жұмысымыздың жаңашылдығы «Галактика сақшылары» көркем фильміндегі сленгтерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару ерекшеліктерінің алғаш рет зерттелуі болып табылады.

Жұмысымыздың нысаны – «Галактика сақшылары» көркем фильміндегі сленг сөздер.

Сленг табиғаты оның үнемі жаңарып отыруын талап етеді. Көптеген сленг сөздері салыстырмалы түрде ұзақ өмір сүрмейді және егер олар тілде тұрақталса, яғни сленг қатарынан жалпы ауызекі тіл лексикасына өтіп кетсе, қолданыстан түсіп қалады.


«Америка сленг сөздігінің» авторларының бірі Стюарт Б. Флекснер айтуынша, әрбір американдықтың сөздік қорында шамамен 10000-20000 сөз бар. Оның 2000 сөзі сленг қатарына жатады. Яғни сленг жалпы лексика қорының 10-20 пайызын құрайды. Бірақ Стюарт Б. Флекснердің пайымдауынша, бұл лексика қоры әрбір американдыққа толығымен белгілі болса да, күнделікті сөйлеу тәжірибесінде толығымен қолданылмайды. Ғалымдардың есептеуінше АҚШ-та ағылшын тілінің сөздік қорында 10000 сленг сөзі бар, ал оның басқа бір түрлеріне 35000 сөз жатады: олар – кәсіби сленг, жаргонизмдер, арго, қанатты сөздер [1,5].

Сленг – өмір белгісі, тілдің жаңаруы мен дамуының айқын көрінісі. Американдық лингвист С.И.Хаякава сленгті күнделікті өмірдің поэзиясына теңеген. Ф.Дж.Уилстэк сленгтен тілдің концентрленген өмірлік күшін байқаған. Сленгтердің тез жойылу мүмкіндігінің себебі тілдің субстандартты қалпы тілдің стандартты қалпына қарағанда динамикалық болып табылатындығында. Әдеби тілде ұқсас үрдістер: сөздікқор жаңаруы, жарты сөздер пассивті лексика құрамына өтеді, келесі жартысы белсенді сөздікқорға еніп, жаңа сөздер, сәнді, заман талабына сай сөздер пайда болып, бір-бірін әрқашан алмастырып отырады. Кей кезде сленг хабарсыздарға беймәлім нәрсе ететін құрал ретінде қаралса, енді бір кезде бір адамды белгілі бір қоғам тобына жатқызуға мүмкіндік беретін көрсеткіш ретінде саналады. Қазіргі заманғы шетел тіл білімінде сленг деп сынамалауға ұшырамаған, белгілі бір класс адамдарына тән тілдік нормамен бекітілген ауызекі сөйлеу тілін түсінеді, бұл тіл еш ортақ мойындауға ұшырамаған, дұрыс емес, дөрекі, әрі тілді тірі, жарқын қылдыратын нормасы жоқ ауызекі сөйлеу тіл ретінде түсіндіріледі. Кейбір лингвисттер сленгті тілтанудағы психологиялық бағыт деп таниды. О.Есперсен болса, «Сленг өзінің шығу тегімен қоғамдағы орнатылған сөйлеу мәнерінен ерекшеленуге бағытталып қолданылатын сөйлеудің формасы», - деген тұжырым жасаған [4,59].


Кейбір зерттеушілер жаргонды сленгпен байланыстыра қарайды. Алайда сленг ерекше лексика, қызығушылықтары ортақ адамдардың қарым-қатынастарынан туындайтын сөздер деп көрсетеді. Сленгті қолдану себептерін келесідей ұсынуға болады:

- әсер қалдыру үшін;
- өзіне сенімділік сезімін беру;
- жаңа, өзгеше болу;
- басқа біреу түсінбеу үшін;
- әзіл ретінде;
- белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін;
- тілдік қорды байыту үшін.

Сленгтер өз алдына жеке лексикалық құбылыс болғандықтан, ол өз ішінде бірнеше түрге ажыратылады [5,80]. Сленгтер түрлерін келесі кестелерде ұсынамыз:



И.В. Арнольд сленгтерді жалпы және арнайы сленгтер деп екі топқа бөледі. Жалпы сленгтерге (bed-sitter -bed-sitting room, комп -компьютер, сотка-ұялы телефон) күнделікті өмірде жалпылай қолданылатын сөздер жатса, арнайы сленгтер өз ішінде бірнеше түрлерге бөлінеді:



1. Компьютерлік сленгтер. Сленгтің осы түрі компьютермен жұмыс істеуші мамандардың арасында және компьютерді қолданушы өзге де 8 жастан 25 жас аралығындағы адамдардың қолданатын сөздікқорының құраушы элементі. Мысалы: винчестер – винт, пернетақта – перне, оперативті жад – оперка, оперативка. Қазақ тілінде компьютерлік сленгтерді аударуда біраз қиындық туғандықтан, көп сөздерді англицизм ретінде қалдырса керек.

2. Футбол ойнаушылардың сленгі – қазіргі кезде әлі зерттеліп келе жатқан сленг түрі болып табылады. Футболды сүйіп ойнаушылардың сөздікқорын футбол ойнамайтын жай адамдарға түсіну немесе дұрыс түсіну қиындық туғызары анық. Футболшылардың сөздікқорында барлық сөздер футбол ойыны үрдісіндегі қолданылатын сөздер болып келеді. Футбол ойнаушыларының сленгінің пайда болғандағы мақсаты – жанкүйер- қозғалыстарды өзге әлемнен ерекшелеп, «өзіміздікілер» мен «бөтендер» деп қоғамды ажырату. Футбол ойнаушылардың сөздікқорындағы сөздердің көбі дала тілі деп аталатын, жаргонды көп қолдануымен ерекшеленетін сөйлеу түрінен алынған. Мысалы: треника – жаттығу, тұздау – доппен қатты тебу, фас – допка жабылу немесе қағып алу, фан – жанкүйер.

3. Есірткі құмар адамдардың сленгі. Бұл сленгтер қатарына, жастар аясында қолданылып жүрген «шегіп алу немесе қатып алу», «қайф», «баш» және т.б. жатады. Есірткі құмар адамдардың сленгінің шығуының басты себебі – есірткі қолданушылардың санының көбейіп, өздерінше бір субмәдениет құруына қажеттіліктің туындауы. Ең өкініштісі – осы сленгті дамытушылар болып есірткімен санасы уланған, ағзасы есірткіге тәуелді болып қалған жастар қауымы екенінде. Кейіннен бұл сленгтер музыка, кино әлемінде де қолданыс тапты [6].

4. Жастар сленгі. Жастар арасындағы сленг-ресми жүйеге қарсы және үлкендер қауымынан жасырыну мақсатында қолданылатын 12 жаспен 22 жас аралығындағы социолект. Жастар арасындағы сленгтер дәрежі-тұрпайы сипатымен ерекшеленеді, мысалы: сорлы, нақұрыс, милау, сілімтік т.б. Мысалы: базар жоқ – сөз жоқ, базар бар ма? – әңгіме бар ма?, сындыру – көндіру т.б. Өзге сленг түрлерінен басты айырмашылығы – өзгеріске тез ұшырауға бейімділігінде. Бұл өзгеріс келер буын мен ұрпақ ауысуына және заман өзгерісіне тәуелді десе де болады [7,256].

Сонымен, сленгтердің анықтамасы мен жіктелуі туралы ақпарат «Галактика сақшылары» көркем фильміндегі сленгтермен жұмыс істеуге септігін тигізді. Мәселен берілген фильмде арнайы сленгтер тобына жататын жастар сленгі көптеп кездеседі.

«Галактика сақшылары» көркем фильмі – «Көліктер-2 (2011ж.)», «Қара киімділер-3 (2012ж.)», «Жаңа Өрмекші адам (2012ж.)», «Монстрлар Университеті (2013ж.)», «Жалғыз рейнджер (2013ж.)», «Жаңа Өрмекші-адам: Кернеген қуат (2014ж.)», «Малефисента (2014ж.)» фильмдерінен кейінгі қазақ тілінде дубляждалған 8-ші шытырман оқиға мен комедия жанрына жататын фильм, бұл фильм «Болашақ» қауымдастық бірлестігімен дубляждалған. Фильмді қазақ тіліне дубляждау үрдісіне 20 актер ат салысқан. Қазақ тіліндегі дубляждалған нұсқаның режиссері болып Тимур Балымбетов саналады. Тимур Балымбетов: «Біз бұл фильмді ағылшын тілінен бірден қазақ тіліне аудардық. Бұл өте ауыр жұмыс болды деп айта алмаймын. Бірақ бұл өзіндік ерекшелікке ие, яки ол жастар комедиясы. Фильмде көбінесе сленгтер қолданылған, ал олардың қазақша баламасын табу оңайға

түспеді. Бірақ біз беріспей, көп жұмыс жасадық, көбіне сленгтерге көңіл бөлдік. Сленгтерді эзл-калжың түрінде де ұсындық, жалпы көрерменнің көңілінен шығуға тырыстық», - деген ойын білдірді [8].

«Галактика сақшылары» фильмінде, біздің есебімізше, 104 сленг қолданылған. Бұл басқа дубляжданған фильмдерге қарағанда 2-3 есе көп. Өкінішке орай, фильмнің қазақша дубляжданған нұсқасына аса көп сұраныс жоқ. Егер өзге тілдегі дубляждармен салыстырсақ, орыс тіліндегі осы фильмнің дубляжы кино әлеміндегі сыншылардың 91% -ның оң көзқарасына ие болды. Ал қазақ тілінде дубляжданған «Галактика сақшылары» фильмін бары 8008 адам тамашалап, соның ішінде 3 адам ғана өз пікірін білдірген. Жазылған пікірлердің үшеуі де жағымсыз, көбінің айтуы бойынша фильм қызықсыз аударылған және эмоциялары дұрыс берілмеген. «Галактика сақшылары» фильмі 80 % сленгтерден құралғандықтан, аударма табысы тікелей сленгтердің аудармасының сәттілігіне байланысты болды. Демек, сленгтердің қазақ тіліне дәлме-дәл немесе баламалап аудару – көп уақытты, тәжірибені қажет ететін іс болғанымен тіліміздің сөздікқорын байыту және қазақ кино әлемін дамыту үшін қажет нәрсе. Біз берілген көркем фильмді ағылшын тілінде де және қазақ тілінде де тамашалап, сленгтердің бірнеше мысалын келтірдік:

- «Hey, we had a deal bro!»

«Bro» сленгінің аудармасы берілмеген. Ұсынылатын аударма – «Достым!». Мультитран сөздігіне жүгінсе, «брателло», «братуха», «братан», «брательничек» деген аудармалары ұсынылған. Достар арасында, туыстық қатынасы жоқ адамдар арасында «Достым» деген нұсқасының қолданылуы жөн келеді.

- «Some machine headed freak, working for dude named Ronan»

«Some machine headed freak» сленгі «Үстіне темір жабыстырып алған біреу» деп тура аударылса керек. «Freak» сөзі бейресми деген мағына береді, ал сленг ретіндегі мағынасы - «Қортық, жаман, бейшара, жетесіз», сондықтан оны тек қана «Біреу» деп аудару салуға болмайды. Сленгтік тіркестің негізгі берер мағынасы – автоматпен басқарылатын қортық. Ұсынылатын аударма – «Роботсымақ қортық».

- «I have a plan. Not helping»

«Not helping» сленгі дубляжда «Көмектеспендер» деп аударылған. Дубляждағы нұсқа мен түпнұсқа екеуі мүлде екі бөлек нәрсе. «Қыстырылмандар» деген аударма орынды болар, себебі дубляж аудармасының дұрыс еместігін сюжетіндегі субтитр ретінен де байқауға болады.

- «Yeah, I will have to agree with the walking thesaurus»

«Walking thesaurus» сленгі дубляждағы аудармасы – «Ақылгөй». Ағылшын анықтамалық сөздігіне сүйенсек, «thesaurus» дегеніміз кез келген тілдегі сөздіктер немесе энциклопедия және де анықтамалық кітапшалар. «Ақылгөй» аудармасы тым сыпайы және әдеби түрде берілген. Ұсынылатын аударма – «Білгішбай».

- «What the hell?»

Мультитран сөздігіне және сленгтер сөздігіне сай «Hell» сөзі: 1) табу сөз ретінде түрме; 2) ауызекі сөйлеуде қолданып жүретін кездегі балағаттаушылық; 3) жаргон ретінде «Сайтан алғыр» немесе «Сайтан» деп аударылған. Бірақ фильм сюжетіне сай дубляждағы нұсқа ең орынды болып табылады. Сленгіне «Мынау не нәрсе?» деген аударма берілген. Ұсынылатын аударма – «Бұл не пәле?»

- «Okay humie how bad does someone wanna find you?»

«Humie» сленгі мүлде аударылмаған. «Humie» сөзі ер адамдарға қатысты қолданылатын қаратпа сөз болып табылады. Сөйлесіп тұрған адам атын білмегенде жай ғана «Humie» деп айтуға болады. Ұсынылып отырған аударма – «Жігітім».

Жоғарыда берілген мысалдардан келесі қорытынды жасауға болады: Біріншіден, көптеген сленг сөздері мен сөйлемшелерінің дәрежесі эмоционалдық бояуы бір-бірінен өзгеше реңктермен ерекшеленеді (эзілқой, келекелі, мысқылды, менсінбеген, кеміткен, елемеген, дәрежесі және тіпті өрескел). Екіншіден, кезкелген тілдің лексикасы әдеби және бейәдеби болып екіге бөлінетінін атап өттік және осы бейәдеби тілге жастардың жаргондары мен сленгтері жатады. Сленг – белгілі бір ортада қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды сөздер.

Сленгтерді қазақ тіліне аудару – қазақ тілінің дамуына тікелей үлес қосатын, бірақ сонымен қатар үлкен жауапкершілікті және зор еңбекті талап ететін үрдіс екені анық. Ресми сөздікқордағы сөздерді аударғаннан гөрі бейресми сөздер қатарын аудару қиындық туғызады. Ағылшын сленгтерін аудару кезінде көп нәрсеге мән беру керек екені мәлім. Мысалға, көп сленгтер тым дәрежесі әрі ерсіз болып берілуі көп жағдайда кездесті десе болады. Сондай жағдайларда дубляждағы аудармамен келіспей, өз аудармамызды ұсындық. Онлайн сленгтер сөздігі және мультитран сөздігіне сүйене отырып, өз нұсқаларымызды да тексердік. Жұмыс барысында көбіне лингвисттердің

теориялық еңбектеріне сүйене отырып, аударма түрін ұсындық. Сонымен қатар, «Сленг» терминінің шығу тегін, даму кезеңдерін көрсетіп, қазіргі заманғы ағылшын сленгтерінің басты сипаттарын ажыраттық. Сленгтерді қазақ тіліне аудару – аса күрделі де, қызықты жұмыс десе болады. Сленгтерді қазақ тілімізге аудару – қазақ тілінің дамуының белгісі. «Галактика сақшылары» секілді көркем фильмдерді түпнұсқадан бірден қазақ тіліне аудару – қазақ кинематографиясының өркендеуінің белгісі. Демек, сленгтерді сапалы аудару мәселесіне көбірек назар аударған жөн. Өз тарапымыздан болашақта сленгтерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару кезіндегі болуы мүмкін қиындықтарды шешудің екі шешімін ұсынып отырмыз: 1) ағылшын – қазақ тілінде сленгтер сөздігін құрастыру (кітапша немесе электрондық нұсқасында); 2) тілге қатысты кітаптарда сленгтерге арналған тарау көлемін ұлғайтып, барынша сленг жайлы көп ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Стюарт Б. Флекснер. «Словарь американского сленга» - 5 б.
2. Корней Чуковский. «Живой как жизнь». 5 тарау - 329 б.
3. «Ask a Linguist» журнал - 6-8 с.
4. Jespersen O., «Mankind, nation and individual from a linguistic point of view», Bloomington, 1964 – 59 с.
5. Арнольд И.В., *Стилистика. Современный английский язык*. ... Под выдвигением И.В. язык Учебник. 4-е изд., испр. и доп. М. Флинта, Наука, 2002 – 80
6. Ломтев, А. Г., Корпоративный жаргон лиц, потребляющих наркотики. teneta.ru. Проверено 22 марта 2008. Архивировано из первоисточника 22 августа, 2011.
7. Никитина Т. Г., Толковый словарь молодёжного сленга. – АСТ, Астрель, Хранитель, 2007. – 256 с. – 10 000 экз. – ISBN 5-17-022262-9, ISBN 5-271-08297-0, ISBN 5-9762-2082-7.
8. <http://tengrinews.kz/cinema/dublyaj-filma-straji-galaktiki-kazahskiy-yazyik-oboshelsya-259532/>

Блялова А.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, Пс – 21 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші – психология магистрі, аға оқытушы Игембаева К.С.*)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУТИЗМ ДИАГНОЗЫ БАР БАЛАЛАРҒА ДЕГЕН ҚАТЫНАСЫ

Қазіргі кезде психология ғылымында көп ғалымдарды қызықтырып, біршама зерттеушілердің негізгі тақырыбына айналып, бірақ зерттеу жұмыстарына келгенде түйіні әлі шешілмей отырған күрделі мәселенің бірі – аутизм. Аутизм - (гр. autos - өзім) - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі.

Ең алғаш аутизм деген терминді 1912 жылы швейцар психиатрі Э.Блейлер ұсынған. Аутизм ауруын алғаш ашып, зерттеген американ психиатрі Лео Каннер [1, 56].

Аутизм ауруының себептеріне келетін болсақ, көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Сонымен қоса, тұқымқуалаушылық фактордың әсері, оны ішінде хромосомалық өзгерістер де әсерін тигізе алатынын көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен қатар мидың органикалық зақымдалуы да балалардың аутист болуына өз ықпалын тигізетіні кей ғалымдардың пікірлерінде айтылады. Сонымен бірге зат алмасу өзгерістері, анасының жүктілік кезінде және туу кезінде алған жарақаттары, нейроинфекциялар, т.б. жағдайлар өз әсерін тигізбей қоймайтыны анық.

Бұл аурудың бастапқы көрінісі бірнеше белгілермен сипатталады. Практикалық жұмыстарда көрсетілгендей, аутизм диагнозын балаға 3 жасында қояды. Бұл жаста ол әлеуметтік тұрғыда дамып, өзгелермен қарым-қатынас жасайды. Егер бала ешкіммен ойнамай, өзін шақырғанға көңіл аудармай, жалпы дамуы тежеліп, тұйықтала бастаса, ауырсыну сезімі жоқ болса, ешқандай эмоция көрсетпесе, аутизмнің бастапқы белгілері пайда болып келе жатқандығын білдіреді [2, 46-48].

Л.Каннер аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тауып, аутизмнің келесідей көрсеткіштерін ажыратады:

- Жалғыздықты жақсы көру;
- Ешбір адаммен көзбе-көз контакт орнатпау;
- Мимикасының, дауысының, дыбысының ырғағының, ым-ишарасының болмауы;
- Бағытының шарттары тұрақты болуына тырысуы;